

**"Ақтөбе облысында спорттық-бұқаралық, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда шыны ыдыстағы өнімдерді сату Қағидаларын бекіту туралы" облыс әкімінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысының әкімінің 2015 жылғы 22 шілдедегі № 11 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 тамызда № 4484 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 29, 37 - баптарына сәйкес, Ақтөбе облысының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыс әкімінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 3 "Ақтөбе облысында спорттық-бұқаралық, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда шыны ыдыстағы өнімдерді сату Қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4261 тіркелген, 2015 жылғы 3 сәуірде "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) шешіміне (бұдан әрі - Қағидалар) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешіммен бекітілген Қағидаларда:

11, 12-тармақтар алынып тасталсын.

2. "Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы шешімді "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*А.Мұхамбетов*